

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік авиациялық орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру және маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 қарашадағы N 1085 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мемлекеттік авиациялық орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы үшін ұшу құрамын және Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты үшін әскерге шақыру жасына дейінгі адамдарды бастапқы даярлауды қамтитын білім беру саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. 2006 жылға кәсіпорын сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар пилоттарды бастапқы даярлау үшін жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 11000000 (он бір миллион) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

6. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) кәсіпорынның жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізісін;

2) кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы, Қорғаныс, Төтенше жағдайлар, Білім және ғылым министрліктерімен және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.  
Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796;  
19.09.2014 № 995 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Мемлекеттік авиациялық орталық" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 мамырдағы N 428 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2006 ж., N 18, 174-құжат) күші жойылды деп танылсын.

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК